

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Атбасар ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы

Мерзімі біткен

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 ақпандағы № 6С 18/8 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 наурызда № 6456 болып тіркелді. Шешім 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Шешімнің қолданыста болу мерзімі - 01.01.2020 дейін (шешімнің 2-т.).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы ""Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 50-бабына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Атбасар ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Безверхова Н.А.

*Атбасар аудандық
мәслихатының хатшысы*

Борұмбаев Б.А.

"КЕЛІСІЛДІ"

*Атбасар ауданының
әкімі*

А.Ә.Қалжанов

21 ақпан 2018 жыл

*"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік кірістер
комитеті Ақмола облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің Атбасар
ауданы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

Б.Ж.Үсембаев

21 ақпан 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК